| | |
|---|---|
| **МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ҚОСЫЛУ ШАРТЫ**<br>(жеке тұлғалар үшін міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін қарыздар бойынша) | **ДОГОВОР ПРИСОЕДИНЕНИЯ О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ МИКРОКРЕДИТА**<br>(по займам с обеспечением исполнения обязательств для физических лиц) |
| Осы Микрокредит беру туралы қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «МҚҰ «TAS FINANCE GROUP» (ТАС ФИНАНС ГРУПП) ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) мен жеке тұлға (бұдан әрі – Қарыз алушы) Қосалқы қарыз алушының (бұдан әрі - Қосалқы қарыз алушы) келісіміне қатысқан жағдайда, арасында жасалатын шарт болып табылады, оның талаптары стандартты пішінде айқындалған және Қарыз алушы ұсынылған Шартқа тұтастай қосылу арқылы қабылдай алады.<br>Қарыз алушыға қатысты шарттар Қосалқы қарыз алушыға да қолданылады.<br>Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы бірге алғанда Шарттың мәтіні бойынша Қарыз алушы деп аталады. | Настоящий Договор присоединения о предоставлении микрокредита (далее – Договор), является договором, заключаемым между ТОО «МФО «TAS FINANCE GROUP» (ТАС ФИНАНС ГРУПП) (далее – МФО) и физическим лицом (далее – Заемщик), в случае участия в Договоре созаемщика (далее - Созаемщик), условия которого определены в стандартных формах и могут быть приняты Заемщиком путем присоединения к предложенному Договору в целом.<br>Условия, касающиеся Заемщика, применяются равно и к Созаемщику.<br>Заемщик и Созаемщик, вместе взятые, по тексту Договора именуются Заемщиком. |
| **1-БАП. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ** | **СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ МИКРОКРЕДИТА** |
| 1.1. МҚҰ заңға қайшы келмейтін тәртіпте, Шартта айқындалған мөлшерде Қарыз алушыға микрокредитті (бұдан әрі – Қарыз) береді. | 1.1. МФО предоставляет Заемщику микрокредитный заем (далее – Заем) способом, не противоречащим законодательству, в сумме, определенной Договором. |
| 1.2. Қарыз Қарыз алушыға Шартта белгіленген мерзімге беріледі. | 1.2. Заем предоставляется Заемщику на срок, определенный Договором. |
| 1.3. Микрокредит Қарыз алушыға Шартта айқындалған мақсаттарға, оның мерзімділігі, мақсатты пайдаланылуы, ақылылығы, қайтарымдылығы және қамтамасыз етілуі шарттарымен беріледі. Оның мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін МҚҰ Қарыз алушыдан ақпарат алу жолымен жүзеге асырады. | 1.3. Микрокредит предоставляется Заемщику на цели, определенные Договором, на условиях его срочности, целевого использования, платности, возвратности и обеспеченности. Порядок осуществления контроля за его целевым использованием осуществляется МФО путем получения информации от Заемщика. |
| 1.4. Сыйақы сомасы микрокредит сомасының нақты қалдығына, оны нақты пайдаланған уақыт үшін есептеледі. | 1.4. Сумма вознаграждения начисляется на фактический остаток суммы микрокредита, за фактическое время пользования им. |
| 1.5. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы МҚҰ – ға белгіленген немесе пайыздық мәнде сыйақы төлейді, бұл ретте жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылдық 56%–дан аспайды, ал бекітілген жылдық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері – 45% -дан аспайды. | 1.5. За пользование микрокредитом Заемщик уплачивает МФО вознаграждение, фиксированное или в процентном выражении, при этом годовая эффективная ставка вознаграждения составляет не более – 56% годовых, а размер фиксированной |

| | |
|---|---|
| 1.6. Микрокредитті өтеу және есептелген сыйақыны төлеу келесі тәртіппен жүзеге асырылады:<br>1.6.1. Қарыз алушы – жеке тұлға өтеу кестесіне сәйкес қолма-қол және/немесе қолма-қол ақшасыз, бір уақытта немесе бөліп төлеу тәртібімен;<br>1.6.2. Қарыз алушы – заңды тұлға, жеке кәсіпкер, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, өтеу кестесіне сәйкес, қолма-қол ақшасыз, бір уақытта немесе бөліп төлеу тәртібімен.<br>1.7. Микрокредитті өтеу және сыйақы төлеу үшін Қарыз алушы Шартта көрсетілген өтеу әдісін таңдайды.<br>1.8. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі:<br>1) негізгі борыш бойынша берешек;<br>2) сыйақы бойынша берешек;<br>3) Шарттың 1.9-тармағында анықталған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;<br>5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;<br>6) орындауды алу бойынша МҚҰ-ның шығындары.<br>1.9. Қарыз алушы өтеу кестесіне сәйкес негізгі борыштың немесе сыйақының сомасын қайтару жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда, Қарыз алушы МҚҰ-ның талабы бойынша, МҚҰ-ға мынадай мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді:<br>- мерзімі өткен тоқсан күн ішінде, мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызы;<br>- тоқсан күн мерзімі өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызы, бірақ микрокредит беру туралы шарттың әрбір қолданылу жылы үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде.<br>1.10. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, Қарыз алушыға және/немесе Кепіл берушіге тиесілі жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлік болып табылады.<br>1.11. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда МҚҰ мынадай шаралар қолдануы мүмкін: | годовой ставки вознаграждения не более – 45 %.<br>1.6. Погашение микрокредита и уплата начисленного вознаграждения производится в следующем порядке:<br>1.6.1. Заемщиком – физическим лицом, согласно графику погашения, наличным и/или безналичным способом, единовременно либо частями;<br>1.6.2. Заемщиком – юридическим лицом, индивидуальным предпринимателем, физическим лицом, занимающимся предпринимательской деятельностью без образования юридического лица, согласно графику погашения, безналичным способом, единовременно либо частями.<br>1.7. Для погашения микрокредита и уплаты вознаграждения Заемщиком выбирается метод погашения, указанный в Договоре.<br>1.8. Очередность погашения задолженности по микрокредиту:<br>1) задолженность по основному долгу;<br>2) задолженность по вознаграждению;<br>3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном в п. 1.9. Договора;<br>4) сумма основного долга за текущий период платежей;<br>5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br>6) издержки МФО по получению исполнения.<br>1.9. При нарушении обязательств Заемщиком по возврату суммы основного долга или вознаграждения согласно Графику погашения, Заемщик выплачивает МФО по его требованию неустойку в размере:<br>- в течение девяноста дней просрочки 0,5 процента от суммы просроченного платежа за каждый день просрочки;<br>- по истечении девяноста дней просрочки 0,03 процента от суммы просроченного платежа за каждый день просрочки, но не более десяти процентов от суммы выданного микрокредита за каждый год действия договора о предоставлении микрокредита.<br>1.10. Обеспечением исполнения обязательств Заемщика по Договору является движимое и/или недвижимое имущество, принадлежащее на праве собственности Заемщику и/или Залогодателю. |

| | |
|---|---|
| • Шартта қарастырылған мөлшердегі тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету;<br>• Шартта қарастырылған жағдайларда микрокредит беруден бас тарту, уақытша тоқтату;<br>• Шартта қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде Шарт бойынша барлық міндеттемелердің мерзімінен бұрын орындалуын талап ету;<br>• үшінші тұлғалардың міндеттемелерді орындауын талап ету;<br>• үшінші тұлғалар жүзеге асыратын өндіріп алуға қосылу;<br>• Қарыз алушының Шарт бойынша берешегін өндіріп алуды 1.17-тармақшада көрсетілген тұлғаларға тапсыру;<br>• Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған басқа тәсілдермен талап ету.<br>1.12. Микрокредит Қарыз алушы алған сәттен бастап берілген болып саналады.<br>1.13. МҚҰ-ға Қарыз алушы туралы, жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, Қарыз алушы мен МҚҰ-ның Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына, кредиттік бюролардан кредиттік есептерді беруге байланысты ақпаратты, сондай-ақ кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамаға сәйкес ұсынылуы қажет болуы мүмкін өзге де мәліметтерді кредиттік бюролардың дерекқорына беруге Қарыз алушының жазбаша келісімі берілді.<br>1.14. МҚҰ Қарыз алушының келісімінсіз Шарт бойынша талаптар мен міндеттердің барлығын немесе бір бөлігін үшінші тұлғаларға беруге құқылы.<br>1.15. Қарыз алушы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін МҚҰ-ның жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.<br>1.16. Шарт бойынша Тараптың құқықтық мирасқоры Шартта мазмұндалған талап ету құқығы мен міндеттемелерді, оның ішінде болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты талап ету құқығы мен міндеттемелерді тікелей өзіне қабылдайды.<br>1.17. Қарыз алушы мерзімі өткен берешегі пайда болған жағдайда, МҚҰ Шарт бойынша берешекті өндіріп алу құқығын тұрғын үймен қамтамасыз етілген берешектерді | 1.11. При неисполнении либо ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по Договору МФО могут быть применены следующие меры:<br>• потребовать уплаты неустойки в размере, предусмотренном в Договоре;<br>• отказать в выдаче микрокредита, приостановить выдачу в случаях, предусмотренных Договором;<br>• потребовать досрочного исполнения всех обязательств по Договору, в порядке и сроки, предусмотренные Договором;<br>• требовать исполнения обязательств третьими лицами;<br>• присоединиться ко взысканию, осуществляемому третьими лицами;<br>• поручить взыскание задолженности Заемщика по Договору лицам, указанным в пп.1.17;<br>• требовать исполнения обязательств по Договору иными способами, не запрещенными законодательством РК.<br>1.12. Микрокредит считается предоставленным с момента получения Заемщиком.<br>1.13. МФО предоставлено письменное согласие Заемщика на предоставление МФО в базу данных кредитных бюро сведений о Заемщике, о заключаемой сделке, информации, связанной с исполнением Заемщиком и МФО своих обязательств по Договору, выдачу кредитных отчетов из кредитных бюро, а также иных сведений, предоставление которых может понадобиться в соответствии с законодательством о кредитных бюро и формировании кредитных историй.<br>1.14. МФО вправе уступать все или часть прав требований и обязанностей по Договору третьим лицам без согласия Заемщика.<br>1.15. Заемщик не имеет права передавать свои права и обязанности по Договору третьим лицам без письменного согласия МФО.<br>1.16. Правопреемник Стороны по Договору непосредственно принимает на себя права требований и обязанности, изложенные в Договоре, в том числе, и права требований и обязанности, связанные с урегулированием возможных споров и разногласий.<br>1.17. Заемщик подтверждает, что в случае возникновения просроченной |

| | |
|---|---|
| қоспағанда, үшінші тұлғаларға беруге құқылы екенін растайды.<br>1.18. Қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың Қарыз алушымен Шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің, Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын растайды.<br>1.19. Қарыз алушы мерзімі өткен берешекті өндіріп алу құқығын үшінші тұлғаларға беру, МҚҰ тарапынан қандай да бір құпияны, ақпаратты ашу болып табылмайтындығына келісімін береді. | задолженности, МФО вправе передать право взыскания задолженности по Договору третьим лицам, за исключением задолженностей, обеспеченных жилищем.<br>1.18. Заемщик подтверждает, что требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям кредитора с заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование).<br>1.19. Заемщик даёт согласие, что передача права взыскания просроченной задолженности третьим лицам не является раскрытием какой-либо тайны, информации со стороны МФО. |
| **2-БАП. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**<br>**<u>2.1. Қарыз алушы құқылы:</u>**<br>2.1.1. Микрокредиттер беру қағидаларымен, МҚҰ тарифтерімен танысуға.<br>2.1.2. Алған микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен билік етуге.<br>2.1.3. Негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуге.<br>2.1.4. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, микрокредиттердің сомасын МҚҰ-ға мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға.<br>2.1.4.1. Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеу кезіндегі төлемнің ең аз сомасы:<br>- аннуитет кестесіне сәйкес – 2 айлық төлем;<br>- біржолғы төлем үшін – жалпы қарыздың 5%-ы, бірақ 10 000 (он мың) теңгеден кем емес.<br>2.1.5. Осы Қарыз алушымен жасалған Шарт бойынша МҚҰ құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда, «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсменіне жүгінуге.<br>2.1.6. шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұйымға шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін | **СТАТЬЯ 2. ПРАВА ЗАЕМЩИКА**<br>**<u>2.1. Заемщик вправе:</u>**<br>2.1.1. Ознакомиться с Правилами предоставления микрокредитов, тарифами МФО.<br>2.1.2. Распоряжаться полученным микрокредитом в порядке и на условиях, установленных Договором.<br>2.1.3. В случае, если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафа, пени).<br>2.1.4. Досрочно полностью или частично возвратить МФО сумму микрокредитов, без оплаты неустойки (штрафа, пени).<br>2.1.4.1. Минимальная сумма платежа при досрочном частичном погашении Микрокредита составляет:<br>- по аннуитетному графику – 2 ежемесячных платежа;<br>- по единовременному платежу – 5% от суммы общей задолженности, но не менее 10 000 (десяти тысяч) тенге.<br>2.1.5. Обратиться к банковскому омбудсману в случае уступки МФО права (требования) по Договору, заключенному с этим Заемщиком, для урегулирования разногласий с лицом, указанным в пунктах 4 и 5 статьи 9-1 Закона РК «О микрофинансовой деятельности».<br>2.1.6. В течение тридцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по договору обратиться в |

| | |
|---|---|
| өткізіп алудың туындау себептері, оның шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішпен жүгіну.<br>**<u>2.2. Қарыз алушы міндетті:</u>**<br>2.2.1. Шартта қарастырылған мерзімде және мөлшерде микрокредитті толығымен өтеуге және сол бойынша сыйақыны төлеуге;<br>2.2.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауының нақты не ықтимал жағдайлары туралы МҚҰ-ға уақтылы хабарлауға.<br>2.2.3. Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепіл беруші, кепілдік беруші, кепілгер не өзге түрде әрекет ететін үшінші тұлғаларға негізгі міндеттемелерінің сомасы, оны орындау мерзімі, сыйақы мөлшері және Шарттың орындалмау салдарлары туралы және МҚҰ-ның пайдасына өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған жағдайда Кепіл, кепілдік, кепілгерлік шарттарын орындау туралы хабарлауға; Қажет болған жағдайларда Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын Кепіл, кепілдік, кепілгерлік және/немесе өзге де шарттар жасалғанға дейін, осы тұлғалардың құпия ақпаратты жарияламауы талаптарымен аталған тұлғаларды Шарттың мазмұнымен таныстыруға;<br>2.2.4. Шарттың қолданылу кезеңінде:<br>- кепіл нысанасы болып табылатын, өзіне тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға бермеуге, оны МҚҰ-ның жазбаша келісімінсіз Шарттың қолданылу мерзімінен асатын мерзімге жалға бермеуге;<br>2.2.5. Пошта деректемелері, мекенжайы және тұрғылықты жері өзгерген жағдайда, 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде МҚҰ-ға жаңа мәліметтерді хабарлауға. Көрсетілген тармақтың талаптары орындалмаған жағдайда, Қарыз алушыға осы талапты орындамаудың барлық салдары жүктеледі және Қарыз алушыға Шартта көрсетілген мекенжайға жіберілген барлық хат-хабарды Тараптар Қарыз алушы алды деп есептейді.<br>2.2.6. Шартты орындау шеңберінде МҚҰ сұратуы мүмкін кез келген ақпаратты МҚҰ-ға ұсынуға. | МФО способом, предусмотренным договором, с заявлением, содержащим сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия договора.<br>**<u>2.2. Заемщик обязуется:</u>**<br>2.2.1. Погасить полностью микрокредит и выплатить вознаграждение по ним в сроки и в размерах, предусмотренных Договором.<br>2.2.2. Своевременно уведомлять МФО о реальных либо потенциальных случаях невыполнения своих обязательств по Договору.<br>2.2.3. Известить третьих лиц, выступающих залогодателем, гарантом, поручителем либо в ином качестве, обеспечивающих тем самым обязательства Заемщика перед МФО, о сумме основного обязательства, сроке его исполнения, размере вознаграждения и последствиях неисполнения Договора и исполнения Договора залога, гарантии, поручительства в случае ненадлежащего выполнения своих обязательств в пользу МФО. В необходимых случаях ознакомить указанных лиц с содержанием Договора до заключения Договора залога, гарантии, поручительства и/или иных договоров, выступающих обеспечением обязательств Заемщика перед МФО, на условиях неразглашения конфиденциальной информации этими лицами.<br>2.2.4. В период действия Договора:<br>- не передавать принадлежащее ему имущество, являющееся предметом залога в доверительное управление, не сдавать его в аренду на срок, превышающий срок действия Договора, без письменного согласия МФО.<br>2.2.5. При изменении почтовых реквизитов, адреса и места проживания, в течение 3-х (трех) календарных дней сообщить МФО новые сведения. В случае невыполнения требований указанного пункта, на Заемщика возлагаются все последствия невыполнения данного требования и вся корреспонденция, направленная Заемщику по адресу, указанному в Договоре, признается Сторонами полученной Заемщиком. |

| | |
|---|---|
| 2.2.7. Қарыз алушының Өтеу кестесі бойынша міндеттемелерін орындауына әсер ететін Шарттың талаптары өзгерген жағдайда, Қарыз алушы өтеудің өзекті кестесін алу жөнінде тиісті шаралар қолдануға міндетті. | 2.2.6. Предоставлять МФО любую информацию, которую МФО может запросить в рамках исполнения Договора.<br>2.2.7. В случае изменения условий Договора, влияющих на исполнение обязательств Заемщика по Графику погашения, Заемщик обязан принять соответствующие меры по получению актуального Графика погашения. |
| **2.3. Қарыз алушы төмендегілерге кепілдік береді:** | **2.3. Заемщик гарантирует, что:** |
| 2.3.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерімен жауап беруіне оған кедергі болатын жағдайлардың жоқтығына. Мұндай жағдайлар туындаған жағдайда, олар туындаған сәттен бастап, 3 (үш) күндік мерзімде бұл жөнінде МҚҰ-на жазбаша хабарлайтындығына; | 2.3.1. Отсутствуют обстоятельства, которые могут помешать ему отвечать по всем обязательствам по Договору. В случае наступления таких обстоятельств он письменно уведомит об этом МФО в 3-х (трех) дневный срок с момента их наступления. |
| 2.3.2. Шартқа қол қою сәтінде болған Қарыз алушының кез келген басқа үшінші тұлғалармен қатынастары кедергі болмайтындығына және Шарт жасасуға Қарыз алушы үшін шектеулердің жоқтығына; | 2.3.2. Существующие на момент подписания Договора отношения Заемщика с любыми третьими лицами не являются препятствием и не содержат ограничений для Заемщика на заключение Договора. |
| 2.3.3. Шарт бойынша МҚҰ-ға тиесілі барлық төлемдерді Қарыз алушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалар тарапынан қойылған кез келген талаптарға қарамастан бірінші кезекте жүзеге асыратындығына; | 2.3.3. Все платежи, причитающиеся МФО по Договору, будут осуществляться Заемщиком в первоочередном порядке, независимо от любых требований со стороны третьих лиц за исключением случаев, предусмотренных действующим законодательством РК. |
| 2.3.4. Басқа креиттеушілер мен кез келген үшінші тұлғалар тарапынан Қарыз алушыға қойылған ешқандай кінәрат-талаптардың, Қарыз алушы тарапынан Шарттың орындалу мүмкіндігіне ықпал етпейтіндігіне кепілдік береді. Қарыз алушы Шарттың талаптарын орындамаған жағдайда, оның кез келген үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелеріне қатысты кез келген мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ және мұндай жағдайлар МҚҰ-ның Шартта қарастырылған құқығын іске асыруына кедергі бола алмайды. | 2.3.4. Никакие претензии к Заемщику со стороны других кредиторов и любых третьих лиц не повлияют на возможность исполнения Договора со стороны Заемщика. При неисполнении условий Договора, Заемщик не вправе ссылаться на любые обстоятельства, связанные с его обязательствами перед любыми третьими лицами, и такие обстоятельства не являются препятствием для МФО к реализации его прав, предусмотренных Договором. |
| 2.3.5. Берешекті мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеген кезде, бұл туралы МҚҰ-ны өтеген күні жазбаша хабардар етуге міндетті. | 2.3.5. При досрочном полном/частичном погашении задолженности письменно уведомить МФО об этом в день погашения. |
| **3-БАП. МҚҰ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ШЕКТЕУЛЕРІ** | **СТАТЬЯ 3. ПРАВА, ОБЯЗАННОСТИ И ОГРАНИЧЕНИЯ МФО** |
| **3.1. МҚҰ құқылы:** | **3.1. МФО вправе:** |
| 3.1.1. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге. | 3.1.1. Изменять условия Договора в одностороннем порядке в сторону их улучшения для Заемщика. |

| | |
|---|---|
| 3.1.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен асыра отырып бұзған кезде микрокредит және ол бойынша сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге.<br>3.1.3. Шартқа қол қойылғаннан кейін, егер қарыз төмендегі негіздемелер бойынша нақты берілмесе, қарыз беруден бас тартуға:<br>- Қарыз алушының сот істеріне жауапкер және/немесе жауапкер тарапынан дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде тартылуы;<br>- Қарыз алушының мүлкіне және оның шоттарына тыйым салынуы және/немесе мүлкіне өндіріп алу талабы қойылуы немесе осындай оқиғаның нақты басталу қаупінің болуы;<br>- Қарыз алушының қарызды қамтамасыз етудің бар болуы (жай-күйі) туралы жалған мәлімет беруі;<br>- Қарыз алушының өзінің МҚҰ және/немесе үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерінің талаптарын бұзуы;<br>- Қарыз алушы тиісті түрде хабардар етілген, МҚҰ-ның заң қызметі тарапынан жойылмаған заңды ескертулердің болуы;<br>- қамтамасыз етудің бағалау құнының төмендеуі;<br>- Қарыз алушының ресми расталған табысын жоғалтуы немесе оның анағұрлым азаюы;<br>- Қарыз алушының екінші деңгейлі банктер және басқа кредиттік ұйымдар алдында орындалмаған міндеттемелері бойынша жалған мәліметтер беруі;<br>- Қарыз алушының бір айдан астам мерзімге МҚҰ-ның және үшінші тұлғалардың алдындағы басқа кредиттік және өзге де міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы.<br>3.1.4. Берілген қарыздың және есептелген, бірақ өтелмеген сыйақының сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алуға немесе қамтамасыз етуді өндіріп алуға немесе үшінші тұлғалардың қамтамасыз ету міндеттемелерін орындауын талап етуге немесе үшінші тұлғалар жүзеге асыратын өндіріп алуға қосылуға, егер:<br>- Қарыз алушы Шарттың 5-бабына сәйкес белгіленген Шарт талаптарының өзгерістерімен келіспеген жағдайда; | 3.1.2. Требовать досрочного возврата суммы микрокредита и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного для возврата очередной части микрокредита и (или) выплаты вознаграждения, более чем на сорок календарных дней.<br>3.1.3. Отказать в выдаче займа, после подписания Договора, если заем фактически выдан не был, по следующим основаниям:<br>- Заемщик вовлечен в судебный процесс в качестве ответчика и/или третьего лица, не заявляющего самостоятельные требования на стороне ответчика;<br>- на имущество Заемщика и его счета наложен арест и/или обращено взыскание на имущество либо существует реальная угроза наступления данных событий;<br>- Заемщик представил недостоверные сведения о наличии (состоянии) обеспечения займа;<br>- Заемщик нарушил условия обязательств, имеющихся у него перед МФО и/или третьими лицами;<br>- имеются не устранённые юридические замечания со стороны юридической службы МФО, о которых Заемщик был надлежащим образом уведомлён;<br>- уменьшение оценочной стоимости обеспечения;<br>- утрата Заемщиком официально подтверждённого дохода или значительное его уменьшение;<br>- предоставление Заемщиком недостоверных сведений по не исполненным обязательствам перед банками второго уровня и иными кредитными организациями;<br>- наличие у Заемщика просроченной задолженности по другим кредитным и иным обязательствам Заемщика перед МФО и третьими лицами, сроком более одного месяца.<br>3.1.4. Досрочно взыскать сумму выданного займа и начисленного, но не погашенного вознаграждения, либо обратить взыскание на обеспечение, либо требовать исполнения обеспечительных обязательств третьими лицами, либо присоединиться к взысканию, осуществляемому третьими лицами, в случаях если: |

| | |
|---|---|
| - Қарыз алушы қарызды мақсатқа сай пайдаланбаған жағдайда;<br>- Қарыз алушы (кепіл беруші болып табылатын) және/немесе Кепіл беруші Кепіл туралы шарт талаптарын бұзған және/немесе кепіл берушіде қалдырылған кепіл заты иелігінен шыққан, МҚҰ жауап бермейтін жағдайларда жоғалған жағдайда;<br>- Кепіл беруші кепілге берілген мүлікті күтіп ұстау және сақтау жөніндегі міндеттерін орындамаған, кепілге берілген мүлікке билік ету қағидаларын бұзған жағдайда;<br>- Қарыз алушы (Кепіл беруші) МҚҰ-ның кепіл затын ауыстыру не қосымша кепіл ұсыну туралы талаптарын орындамаған жағдайда;<br>- Қарыз алушы Шартта көзделген талаптар мен міндеттемелерді тұтастай немесе осы Шарттан туындайтын бөлігінде орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда;<br>- берілген қарыз түрлі себептермен қамтамасыз етілмеген болып шыққан (немесе соның нақты қаупі болған) жағдайда;<br>3.1.5. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қарыздың мақсатты пайдаланылуын және оның қамтамасыз етілгендігін тексеруге;<br>3.1.6. Негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын төлеу мерзімдерінің бұзылуы және ҚР уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес Қарыз алушыға берілген қарыздың күмәнді санатқа жатқызылуы нәтижесінде қарыз бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған кезде, қарыз бойынша сыйақыны есептеуді біржақты тәртіппен тоқтатуға.<br>3.1.7. Мерзімі өткен берешек өтелген күннен бастап заңнамада және МҚҰ-ның ішкі қағидаларында бекітілген мөлшерлememен бір жақты тәртіпте, осы қарыз бойынша сыйақы есептеуді қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға.<br>3.1.8. Қарыз бойынша төлем мерзімін өткізіп алу дерегі анықталған жағдайда, бұл жөнінде Қарыз алушыға және/немесе үшінші тұлғаға телефонограмма, автоматтандырылған телефония түрінде, SMS-хабарламасын жіберу арқылы, электронды пошта бойынша, факспен немесе жұмыс орнына ескерту қағазымен қоса, жазбаша хабарламамен | - Заемщик не согласен с изменениями условий Договора, установленными в соответствии со ст. 5 Договора;<br>- Заемщик использовал Заем не по целевому назначению;<br>- Заемщик (являющийся залогодателем) и/или Залогодатель нарушил условия Договора о залоге и/или предмет залога выбыл из владения залогодателя, у которого он был оставлен, утрачен по обстоятельствам, за которые МФО не отвечает;<br>- Залогодатель не выполняет обязанности по содержанию и сохранности заложенного имущества, нарушил правила распоряжения заложенным имуществом;<br>- Заемщик (Залогодатель) не выполнил требования МФО о замене предмета залога либо о предоставлении дополнительного залога;<br>- Заемщик не исполняет/ненадлежащим образом исполняет условия и обязательства, предусмотренные Договором, в целом или в части вытекающие из настоящего Договора;<br>- выданный заем окажется по различным причинам необеспеченным (или существует реальная угроза этого).<br>3.1.5. Проверять в течение срока действия Договора целевое использование займа и его обеспеченность;<br>3.1.6. В одностороннем порядке прекратить начисление вознаграждения по займу при образовании просроченной задолженности по займу в результате нарушения сроков уплаты сумм основного долга и начисленного вознаграждения, и отнесения выданного Заемщику займа к категории сомнительных в соответствии с требованиями уполномоченных органов РК.<br>3.1.7. В одностороннем порядке принять решение о восстановлении начисления вознаграждения по данному займу, по ставке, утвержденной законодательством и внутренними правилами МФО, начиная от даты погашения просроченной задолженности.<br>3.1.8. В случае выявления фактов просрочки платежей по займу, оповестить Заемщика и/или третьих лиц об этом посредством уведомления в виде телефонограммы, автоматизированной телефонии, путем отправки SMS-сообщений, по электронной |

| | |
|---|---|
